# Қазақстан Республикасын өнеркәсіптік дамыту жөніндегі комиссия

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 90-ө өкімі.

**Қазақстан Республикасын өнеркәсіптік дамыту жөніндегі комиссия туралы ереже**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасын өнеркәсіптік дамыту жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия Қазақстан Республикасын өнеркәсіптік дамыту саласында ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылды.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

5. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

## 2. Комиссияның міндеті

6. Комиссияның негізгі міндеті:

1) Қазақстан Республикасын индустриялық дамыту үшін өнеркәсіптің басым секторларын айқындау;

2) Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін және тиімділігін арттыру;

3) өңдеуші өнеркәсіп, оның ішінде кластерлік бастама саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың тұжырымдамалық тәсілдері;

4) аумақтық (өңірлік, өңіраралық) кластерлерді, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іріктеу өлшемшарттары;

5) республикалық индустрияландыру картасын өзектілендіру;

6) аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеуден өткізу бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау болып табылады.

## 3. Комиссия қызметінің ұйымдастырылуы және тәртібі

7. Комиссия қызметінің ұйымдастырылуы және тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.